

Жарғы

Жоба атауы:	Мектеп оқушыларының ас мәзіріне бөдене жұмыртқасын қосу
Бастамашылар:	Омаров Жұбаныш – Тараз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі Нурханова Таңшолпан – Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі Калмурзаева Гульнара – Жамбыл облысы жер қатынастары басқармасы Абдыхалыкова Айжан – Жамбыл облысы ішкі істер департаменті
Жобаның іске асырылу мерзімі	2022 – 2023 оқу жылдары
Жобаның негіздемесі	<p>Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына денсаулық сақтау саласы бойынша Жолдаулары. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек Тараз қаласы бойынша ағымдағы жылдың 8 ай қорытындысында 14 жасқа дейінгі 130 709 бала бар, оның ішінде әр-түрлі аурулармен бақылауда тұрған балалар саны 47 059 , пайыздық өлшеммен алғанда 49% .</p> <p>Бүгінгі таңда әсіресе бастауыш сынып оқушылары әлсіз, жиі ауырады, тұмау сияқты вирустық аурулар бүлдіршіндер арасында көп таралған. Қарапайым бөдене жұмыртқасы ағзаны күшейтуге атсалысады. Бөдене медицина саласында — демікпе, созылмалы өкпе ауруын, туберкулезді, созылмалы гастрит, асқазан ауруын, өт іріктелетін қалта ауруы мен өт жолдарын, жүрек-қан тамырларының жетіспеушілігін, бронхит, қан аздық, сәуле ауруларын емдеуде қолданылады</p> <p>Осыған орай біз болашақ ұрпақтың мектеп оқушыларының денсаулығы жақсы болсын деп осы жобаны ұсынып отырмыз.</p>
Жобаның өнімі	Пилоттық жоба ретінде 300-ге жуық бастауыш мектеп оқушыларын бөдене жұмыртқасымен қамтамасыз ету.

Жобаның SMART мақсаты	Әр-түрлі аурулармен ауыратын оқушылардың денсаулығын нығайту мақсатында Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би атындағы №8 мектеп-гимназиясы оқушыларының ас мәзіріне бөдене жұмыртқасын қосу арқылы ауру балалар санын 30% дейін төмендету.
Жобаның міндеті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жобаның қолдау табуы; 2. Оқушылардың ас мәзіріне бөдене жұмыртқасын қосу; 3. Бөдене жұмыртқасының емдік қасиетін білу; 4. Бөдене жұмыртқасын күнделікті ас мәзірінде қолдану; 5. Оқушылардың денсаулығы жақсарту.
Жоба сәттілігінің критерийлері	Оқушының иммунитетін қалпыға келтіруге көмектесіп, әр түрлі аурулардың 30% алдын алу.
Стейкхолдерлер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы; 2. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы; 3. Кәсіпкерлер; 4. Оқушылардың ата-аналары; 5. Оқушылар.

Жобаның шектеулері	<ol style="list-style-type: none">1. 2 миллион2. Мерзім - оқу жылы3. мазмұн - Бөдене жұмыртқасы адамның иммунитетін қалпына келтіруге көмектесіп, әртүрлі ауруларды емдеп қана қоймай, адам өмірін ұзартуға тигізер маңызы зор. Бүгінгі таңда әлемдік пандемия жағдайына байланысты адам ағзасы әлсіреп, иммунитеті төмендеп, вирустық аурулардың өршуіне әкеліп отыр. Ағзаны нығайту үшін дәрумендік қасиеті жоғары болуы себепті мен осы тақырыпты таңдадым.
Жоба тәуекелдері	<ol style="list-style-type: none">1. Жобаның қолдау таппауы2. Ақуызға аллергиясы бар балаларға зиянды болу қауіптері3. Артық пайдаланудағы зияны4. Бөдене жұмыртқасының сақталу температура нормаларын сақталмауы5. Тасымалдау кезінде зақымдануы6. Бөдене шаруа қожалықтарының аздығы